

**«Адал еңбегіңізге – мың алғыс!»**

**Құрметті Құлмхан  
Сансызбайқызы Ахмедьярова!**



**ЖҰМЫСШЫ  
МАМАНДЫҚТАР  
ЖЫЛЫ**



«Отарқа» газетінің ұжымы сізге адал еңбегіңіз үшін алғыс білдіреді.

Сіз жаздың аптап ыстығында, көктем-күздің мазасыз батпағында бөл жазбай тер төгіп, редакциямызды таза ұстап келесіз, яғни, әрқайсымыздың денсаулығымыздың қорғаушысысыз. Сіздің арқаңызда жұмыс орнымыз шаң-тозаңнан ада, гүлдеріміз суарулы, үнемі таза ауада жұмыс істейміз. Сақылдаған аязда қоқыс төгіп, ер адамдар атқаратын қиын шаруа — қар күреп, мұз ойып жүрген еңбегіңіз бейбіт күндегі ерлік деп атауға тұрарлық.

Әрқайсымыз сіздің еңбегіңізге ризамыз, қиындығын түсінеміз, іштей бағалаймыз. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақ-береке тілейміз!

**Құттықтаймыз!**

**ЖАНАТ ҚАЙЫРГЕЛДІҰЛЫ ОРАЗАЛИНДІ  
зейнетке шығуымен құттықтаймыз!**

**Сізге денсаулық, бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз!**

Ігі тілекпен: «Екібастұзкоммунсервис» ЖШС ұжымы.

**ЖӘРМЕҢКЕГЕ ШАҚЫРАМЫЗ!**

**Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!**

Сіздерді Екібастұз өңірі ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қатысуымен 25 қаңтарда «Халық базары» аумағында (Энергетиктер көшесі, 51 «Б» мекенжайы) өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне шақырамыз. Жәрмеңке сағат 08.00-де басталады. Жәрмеңкеде өнімдер нарықтық бағадан арзанға сатылады.

«Екібастұз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» ММ

**КЕРЕК ДЕРЕК**

**АТАУЛЫ КҮНДЕР**

2025 жылы елімізде бірқатар ұлттық, мемлекеттік мерекелерге қоса мерейтойлар аталып өтіледі. Атаулы даталарға орай торқалы той, мерейлі мерекелер ұйымдастырылады.



Ел болып күткен ұлық мереке – Қазақ хандығының құрылғанына 560 жыл толады. Халқымыздың бірігіп, нығаюына жол ашқан Керей мен Жәнібек сұлтандар 1465 жылы жаңа бір ұлыстың, яғни, Қазақ хандығының дербестігін жариялап, қазығын қақты, негізін қалады.



Қазақстан Конституциясына – 30 жыл. 1995 жылы 30 тамызда Конституциялық референдум өтіп, соның нәтижесінде еліміздің Ата заңы қабылданды.



Ұлы Жеңіске – 80 жыл. Биылғы жыл ТМД елдерінде «Жеңістің 80 жылдығы және нацизмге қарсы күрестегі бірлік жылы» деп жарияланды.

Қазақстан халқы ассамблеясына – 30 жыл. Аталған ұйымның құрылғанына 1 наурызда 30 жыл толады. Сол күні еліміз Алғыс айту күнін атап өтеді.



Байқоңыр айлағына – 70 жыл. «Байқоңыр» ғарыш айлағы 1955 жылы 12 ақпанда Қызылорда облысында ғылыми-зерттеу сынақ полигоны ретінде құрылды. 1961 жылы 12 сәуірде ғарышқа тұңғыш адам – Юрий Гагарин ұшты.

Қазақтан ғарышқа Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ұшты.

**Тұлғалар мерейтойы**

Биыл қазақтың бас ақыны, ағартушы, философ **Абай Құнанбайұлының** туғанына 180 жыл толады. 2020 жылдың 4 тамызында Үкіметтің арнайы қаулысымен «Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесі «Абай күні — 10 тамыз» деген тармақпен толықтырылған болатын. Бұл күні Абай шығармашылығы мен мұрасын насихаттайтын түрлі мәдени және ғылыми іс-шаралар өтеді.

Қазақтан шыққан ғалым, тарихшы, этнограф, фольклорист, ағартушы **Шоқан Уәлихановтың** (1835-1865) туғанына 190 жыл толады. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Жетісу облысына жұмыс са-

парында Шоқан Уәлихановтың бейітіне арнайы зиярат етті.

25 қарашада қазақ ақыны, жазушысы, «Алаш» ұлттық-азаттық қозғалысының мүшесі **Міржақып Дулатовтың** (1885-1935) туғанына 140 жыл толады.

Композитор, дирижер, домбырашы **Нұрғиса Тілендиев** (1925-1998) пен балалар жазушысы, ақын және сценарист **Бердібек Соқпақбаевтың** (1924-1991) 100 жылдық мерейтойлары өтеді.

Вальс королі, Қазақстанның Мемлекеттік гимнінің өнін жазған **Шәмші Қалдаяқовтың** (1930-1992) туғанына — 95 жыл.

**ПІКІРТАЛАС**

**ЗАҢ НОРМАСЫ  
ҚАЙТА ҚАРАЛА МА?**

**Жыл басынан бері тұрғын үй аулаларында көлікті 5 минуттан артық қыздырған жүргізушілерге айыппұл салына бастады. Жаңа заңнама жұртшылықтың наразылығын тудырды.**

**Г. МЕДЕУБАЙТЕГІ**

Осы орайда Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев айыппұл салуды қолдайтынын білдірсе, мәжіліс депутаты Серік Ерубәев әкімшілік жазаны қайта қарастыруды ұсынды. Ол қыс суық болатын өңірлерде көлікті 5 минутта жылыту мүмкін емесін айтып, депутаттық сауал жолдапты.

Ішкі істер министрлігінің мәлімдеуінше, бұл норма 20 жыл бұрын шыққан. Әйтсе де осы уақыт аралығында бірде-бір айыппұл салынбаған екен. Оның себебі, әкімшілік жаза қолдану үшін арызданушы жүргізушінің көлік құралын тоқтату талабын бұзғанын дәлелдеуі тиіс. Көлік қозғалтқышы 5 минуттан артық қосылып тұрған болса, жүргізуші ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық

кодексінің 597-бабының 1-тармағына сәйкес, 5 АЕК (19 660 теңге) көлемінде айыппұл арқалайды. Дәл осындай жағдай бір жыл ішінде қайталанса, айыппұл көлемі 39 320 теңге болады.

Десе де Петропавл қаласының тұрғыны қаңтардың алғашқы апталарында-ақ айыппұл арқалап үлгерді. Оның үстінен көршісі шағымданып, дәлел ретінде 5 минут бойы түсірген бейнематериалын ұсыныпты.

Ал Өскемен қаласында үш жүргізуші бір күнде 5 АЕК-тен айыппұл төледі. Бір қызығы, шағымдардың үшеуі де бір адамнан келіп түскен. Арызданушы ауланы түтінге бөктіріп көлік жылытқан жерлеріне қатты ренжігені соншалық, видео түсіруге ерінбей 15 минут уақытын арнапты.

Қоғам қарсылығын тудырған заң нормасы қайта қаралатын сыңайлы. Әділет вице-министрі Б.Жақселекова депутаттық сауал негізінде норманы қайта қарауға болатынын мәлімдеді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін түзетулер ведомствоаралық комиссияда қаралады.

**ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ**

**«KAZ Minerals Bozshakol ЖШС (КАЗ Минералз Бозшаколь)»**

«Павлодар облысындағы Бозшакөл кен орнында мыс өндіруге арналған 2007 жылғы 26 қарашадағы №2494 келісімшарты» бойынша өндіру операциясы салдарының шамалас құнын есептеу және оны жою жоспары бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде 31.01.2025 ж. бастап 13.02.2025 ж. дейін өткізілетін болады.

Жоба материалдары БЭП <https://ecoportal.kz> қоғамдық талқылаулар кезеңінде қарап танысу және ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін қолжетімді болады.

Қосымша ақпаратты құжаттың әзірлеушісінен алуға болады: «АПИЦ Инжиниринг» ЖШС, [kazib@apits.kz](mailto:kazib@apits.kz), ұялы тел.: +7 777 629 47 27 және [ENVIRONMENTAL@KAZMINERALS.COM](mailto:ENVIRONMENTAL@KAZMINERALS.COM).

**ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ**

**«KAZ Minerals Bozshakol ЖШС (КАЗ Минералз Бозшаколь)»**

Павлодар облысы Екібастұз қаласының жерінде орналасқан «Солтүстік» («Северный») кен орнының шөгінді жыныстарды (шақпатасты топырақ, ұсақ тасты топырақ, саздақ топырақ толтырмасы бар ұсақ тасты топырақ, малтатасты құм, саздақ) өндіру бойынша операция салдарының шамалас құнын есептеу және оны жою жоспары бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде 31.01.2025 ж. бастап 13.02.2025 ж. дейін өткізілетін болады.

Жоба материалдары БЭП <https://ecoportal.kz> қоғамдық талқылаулар кезеңінде қарап танысу және ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін қолжетімді болады.

Қосымша ақпаратты құжаттың әзірлеушісінен алуға болады: «АПИЦ Инжиниринг» ЖШС, [kazib@apits.kz](mailto:kazib@apits.kz), ұялы тел.: +7 777 629 47 27 және [ENVIRONMENTAL@KAZMINERALS.COM](mailto:ENVIRONMENTAL@KAZMINERALS.COM).